

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті бойынша Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2014 жылғы 10 қазандағы № 19-5/519 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылды 23 қазанда № 9820 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрлігінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2018 жылғы 11 қыркүйектегі № 380 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрлігі орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 11.09.2018 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңын 29-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті ережесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Су ресурстары комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің 2014 жылғы 23 қантардағы № 14-Ө бұйрығының күші жойылған деп танылсын (№ 9088 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2014 жылғы 3 ақпандағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде, "Егемен Қазақстан" 5 ақпандағы 2014 жылғы № 24 (28248) газетінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден кейін он құнтізбелік күн ішінде кезеңдік басылымдарға және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға оның жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он құнтізбелік күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2014 жылғы 10 қазандығы

№ 19-5/519 бұйрығымен

бекітілді

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті

туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) су қорын пайдалану және қорғау саласындағы іске асыру және бақылау қызметтерін өз құзыretі шегінде жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, басқада нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық үлгісіндегі заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілдегі атауларымен мөрі және мөртабаны, белгіленген үлгідегі бланкісі, Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес қазынашылық органдарында есептері бар.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер инспекция заңнамаға сәйкес мемлекеттің атынан уәкілеттенсе, ол мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар

6. Инспекция өз құзыretінің мәселелері бойынша белгіленген заңнамалық тәртіpte бұйрықтармен және Қазақстан Республикасының заңнамаларымен көзделген басқада актілермен рәсімделген шешімдерді қабылдайды.

7. Құрылымы мен штаттық саны лимиті қолданыстағы заңнамаларға сәйкес қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің заңды мекенжайы: индексі 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8 үйі.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитет қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

11-1. Комитеттің мынадай аумақтық бөлімшелері бар:

1) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

3) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалану реттеу және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

4) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

5) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Нұра-Сарысу бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

6) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

7) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

8) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Шу-Талас бассейндік инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Ескерту. 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 19.06.2015 № 19-6/551 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

11-2. Комитеттің мынадай бағынысты ұйымдары бар:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Аймақтық гидрогеологиялық-мелиоративтік орталығы" респубикалық мемлекеттік мекемесі;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" респубикалық мемлекеттік мекемесі;

4) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазагромелиосушар" респубикалық әдістемелік орталығы" респубикалық мемлекеттік мекемесі;

5) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорын.

Ескерту. 11-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.06.2015 № 19-6/551 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Комитетке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тиым салынады.

Егер заннамалық актілермен Комитетке кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер респубикалық бюджет кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері және қызметтері

13. Міндеті:

1) су ресурстарын басқару саласында мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша үйлестіруді қамтамасыз ету;

2) су ресурстарын басқару саласында мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету ;

3) Комитетке өз құзыреті шегінде жүктелген басқада міндеттерді жүзеге асыру.

14. Қызметтері:

1) өз құзыреті шегінде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

2) негізгі өзендердің бассейндері мен тұтас алғанда республика бойынша басқа да су объектілері бойынша су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау схемаларын әзірлейді;

3) арнайы су пайдалануға рұқсат беруге өтініште көрсетілетін мәліметтерді айқындайды;

4) суды және оның пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастры мен су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізуі жүзеге асырады;

5) су объектілері деректерінің ақпараттық базасын қурады және оған барлық мұдделі адамдардың қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

6) республикалық меншіктегі су объектілерін, су шаруашылығы құрылыштарын пайдалануды ұйымдастырады;

7) су шаруашылығындағы инвестициялық жобаларды дайындайды және іске асырады;

8) елді мекендер шегінен тыс жерлерде су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау жәнесу бұру саласындағы жобалау, ізденіс, ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды ұйымдастырады;

9) тиісті бассейн бойынша су шаруашылығы баланстарын әзірлеуге қатысады ;

10) су шаруашылығы ұйымдарының қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

11) су қорын пайдалану, сумен қамту және су тарту саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады (елді мекендерде орналасқан су шаруашылығы және су тарту жүйелерінен басқа);

12) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, ведомствоның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша және министрліктердің актілерінде оларды бекіту бойынша тікелей құзыреті болған кезде нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

13) орталық атқарушы органдар әзірлеген өндіргіш күштерді және экономика салаларын дамыту мен орналастыру схемаларының құрамында су ресурстарын пайдалану және қорғау болжамдары су ресурстарын пайдаланудың жол берілетін деңгейі нысанасында уәкілетті органда келісуден өтеді;

14) табигат қорғау және санитарлық-эпидемиологиялық су жіберудің көлемін уәкілетті орган су объектілері бассейндері бойынша белгілейді;

15) мемлекеттік су кадастрында қамтылған ақпаратқа мұдделі жеке және заңды тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

16) жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның су нысанының әр бассейні үшін су сапасының критерийлері мен жай-куйінің нысаналы көрсеткіштерін әзірлейді;

17) мұдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп су ресурстарын пайдаланудың респубикалық ақпараттық-талдау жүйесін құрады;

18) су пайдалану лимиттерін жылдың сұлылығын, су нысандарының экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйін ескере отырып, жыл сайын нақтылайды;

19) өзен бассейндері бойынша су пайдалану лимиттері бассейндік схемалар мен су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтері негізінде белгіленеді;

20) экономика саласында салыстырмалы суды тұтыну нормаларын келіседі;

21) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

22) траншекаралық сулар туралы халықаралық келісімдердің шарттары мен талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

23) Қазақстан Республикасы зандарымен белгіленген құзыretі шегінде әкімшілік құқық бұзушылық істерінің өндірістерін жүзеге асырады;

23-1) бөгеттер иелерінің бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгілекен талаптарды сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

23-2) су қорғау аймақтарының, белдеулерінің және оларды шаруашылықта пайдалану режимдернің жобалау құжаттамасының келіседі;

23-3) ауыз су сапасындағы жер асты суларын ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға байланысты емес мақсаттар үшін пайдалануға рұқсат беруді келіседі;

23-4) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыштарында көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлердің белгіленуін келіседі;

23-5) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыштарын әуесқой және спорттық балық аулау үшін пайдалануды келіседі;

23-6) бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын тіркейді;

23-7) ағаш ағызу үшін пайдаланылатын су объектілерінің тізбесін және оларды тазарту тәртібін келіседі;

23-8) ұйымдарды бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына атtestatтаудан өткізеді;

23-9) бөгеттерді декларацияланатын бөгеттерге жатқызу критерийлерін айқындастырын қағидаларды және бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу қағидаларын әзірлейді;

23-10) бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

23-11) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын әзірлеуге қатысады.

24) Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.06.2015 № 19-6/551 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

15. Комитеттің құқықтары және міндеттері:

1) орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді өз құзыretі шегінде қабылдауға;

2) белгіленген заңнамалық тәртіпте мемлекеттік органдардан, олардың лауазымдық тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды алуға және сұратуға;

3) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген басқада құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға.

3. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетке басшылықты жүктелген міндеттерді орындауға және өз қызметтерін жүзеге асыруға жеке жауапкершілікті атқаратын Комитет төрағасы жүзеге асырады.

17. Комитет төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қызметіне тағайындалады және қызметінен босатылады.

18. Комитет төрағасы Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес қызметтеріне тағайындалатын және қызметтерінен босатылатын орынбасарлары бар.

19. Комитет төрағасының өкілеттігі:

1) заңнамаларға сәйкес төраға орынбасарларынан басқа, Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындейды және жұмыстан босатады;

2) тәртіптік жазаларды заңмен белгіленген тәртіпте қолданады;

3) өз құзыretі шегінде бүйрықтар шығарады;

4) өз құзыretі шегінде Комитетті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес мемлекеттік органдарда және басқада ұйымдарда ұсынады ;

5) Министрліктің Жауапты хатшысына Комитеттің және оның аумақтық органдарының құрылымы және штаттық кестесін өзгерту туралы ұсынысты енгізеді;

6) өз құзыretіне енетін басқада мәселелер бойынша шешім қабылдайды;

7) Комитетте сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттерге бағытталған шараларды өз құзыretі шегінде қабылдайды және сыйайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдауға жеке жауапкершілік атқарады;

8) белгіленген заңнамалық тәртіпте Комитеттің қызметкерлеріне және өнірлік органдардың басшы орынбасарларына іссапарлар, демалыстар беру, материалдық көмектер көрсету, біліктілік көтеру, даярлау (қайта даярлау), көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін шешеді;

9) белгіленген заңнамалық тәртіпте аумақтық органдардың басшыларының және басшы орынбасарларының демалыстарын беру мәселелерін шешеді;

10) белгіленген заңнамалық тәртіпте аумақтық органдардың бірінші басшылары мен оның орынбасарларын қызметін тағайындау және қызметінен босату туралы, сондай-ақ тәртіптік жазаға тарту жөнінде Жауапты хатшыға ұсынысты енгізеді;

11) белгіленген заңнамалық тәртіпте өзінің орынбасарларының, қызметкерлерінің, аумақтық органдардың басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін (лауазымдық нұсқаулықтары) анықтайды және бекітеді;

12) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес респубикалық мемлекеттік мекемелердің басшылары мен орынбасарларын лауазымдарына тағайындайды және босатады;

13) Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес респубикалық мемлекеттік мекемелердің басшылары мен орынбасарларын іссапарға жіберу, материалдық көмек көрсету, көтермелеу, үстемеақы мен сыйақы беру мәселелерін келіседі;

14) Комитеттің бағынысты ұйымдарының құрылымын бекітеді.

Комитет төрағасы болмаған кезеңде өкілеттерін орындау қолданыстағы заңнамаларға сәйкес оны ауыстыратын тұлғамен жүзеге асырылады.

20. Комитеттің төрағасы қолданыстағы заңнамаларға сәйкес өз орынбасарларының өкілеттерін анықтайды.

4. Комитеттің мүлігі

21. Комитеттің заңнамамен көзделген жағдайында оперативтік басқару құқығында оқшауланған мүлігі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлігі меншік иесімен берілген мүлік есебінен, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде және Қазақстан Республикасымен тиым салынбаған басқада көздерден алынған мүліктен (ақшалай кірістерді қоса) қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік респубикалық меншікке жатқызылады.

23. Комитет өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша оған берілген қарражат есебінен сатып алынған мүлікті, егер өзге заңнамамен белгіленбесе өз еркімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқылы емес.

5. Комитетті қайта үйымдастыру және тарату

24. Комитетті қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және кұқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК